



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҮЗІЛМЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев ұрпақтар сабақтастығы бағытында «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс. Мұның ар жағында қоғамдық сананың қалыптасуы, ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндеттер жатыр», – деген еді. Ата-бабамыз салып кеткен сара жолдан бастауымызды алып, болашақ ұрпақты салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарға сай тәрбиелесек, ұтарымыз мол болары анық.

Мемлекет басшысы: «Назарбаев зияткерлік мектептері барлық білім беру ұйымы үшін әдістемелік орталық болу керек», – деп тапсырма берген болатын. Сол тапсырма аясында жыл бойы түрлі іс-шаралар жүргізілді. Ауқымды іс-шаралардың қорытындысы ретінде Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату шеңберінде Жезқазған қаласында «Ұлы дала мұрагерлері» форумы өткізіледі.

Форум аясында 27 сәуір күні Қарағанды қаласында Жезқазған аймағының педагогикалық еңбек ардагерлерімен кездесу өтті.

Кездесудің ерекшелігі – Назарбаев зияткерлік мектебі тәжірибесін тарату негізінде тәжірибесі мол педагог



еңбек ардагерлеріне білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасымен жүйелі таныстыру. Сонымен қатар білім беру саласындағы жаңашылдықтар, алда тұрған өзекті мәселелер мен атқарылар істер жайында ой бөлісіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастыру, аға буынның қажырлы еңбегін жастарға үлгі ету.

Кездесуде еңбек ардагерлеріне Хасенов Рашит Шайзаратұлы атындағы Қарағанды облысы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы мұражайы таныстырылды. Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Е. Н. Иманғалиев Л. Бәйішеваға арналған естелік стендті салтанатты түрде ашты. Ашылу сәтінде сөйлеген сөзінде басқарма басшысы «қазақ тілі» мұғалімінің педагогикалық еңбегінің 60 жылында Қарағанды облысының

білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі туралы айтып өтті.

Қарағанды облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы М. Жошина педагог ардагерлердің жастарды тәрбиелеу ісіне сіңірген еңбектері, қоғамдық өмірге тарту жұмыстары туралы баяндаса, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары Б. Абдикерова Қарағанды облысының жаңартылған білім беру мазмұнына көшу, НЗМ ДББҰ тәжірибесін таратудағы жүйелі істер мен нақты қадамдар туралы мәлімдеді.

Кездесу барысында Жезқазған аймағының педагог ардагерлері Қарағанды қаласының Назарбаев зияткерлік мектебіне барды.

Білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы бойынша оқыту мен тәрбиелеу жұмысы Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату негізінде көрсетілді. Сондай-ақ

мектептегі сабақтарға, кураторлық сағаттарға қатысып, Жезқазған аймағының оқушыларымен жүздесті, мектептің қызметімен танысу үшін кампус тур, ғылыми жобалар көрмесі, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Осындай басқосулардан тағы бір ұтарымыз – кездесу тек ардагерлерімізге жаңа бағдарламаны түсіндірумен шектеліп қалмайды. Кездесу тәрбиелік тақырыпты қозғап, ардагер ұстазды да жастарға танытады, тәжірибе береді.

Қазіргі таңда жас ұрпақ пен аға буынның кездесуі, ой бөлісуі маңызды болып отыр. Себебі жастарға тәрбиелік мәні бар, патриоттық бағытта, адамгершілік тақырыбында, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтар тақырыбында әңгімелердің айтылуы сиреп барады. Жастармен кездесуде олар еңбек жолдарымен, тәжірибелерімен бөлісті. Жастарға өлке тарихынан, ұлт тәрбиесінен, салт-дәстүрден мағыналы әңгімелерін жеткізді. Одан бөлек жастардың қоғамдағы кемшіліктер, салт-дәстүрдің дамымай жатқан тұстары

туралы сұрақтарына жауап беріп, өз пікірін білдірді, кеңесін айтты. Жастардың неден қателеспей керектігін, қандай бағытқа басымдық берген дұрыс екенін де тілге тиек етті.

Жезқазған қаласынан келген ардагер ұстаз – Шүкір Молдағалиева: «Назарбаев зияткерлік мектебі сынды дарынды балаларға арналған мектептердің саны жылдан жылға артып келе жатқаны қатты қуантады. Біз кездесу аясында білімімізді, ілімімізді қазіргі заманға сәйкес болып жатқан жаңалықтарға қарай толықтырдық. Назарбаев зияткерлік мектебінде көрген-білгенімізді, көңілге түйгенімізді өз аймағымызға барып, айтып жеткізу алдағы міндетіміз болмақ. Осындай келелі кездесуге ұйытқы болған жандарға алғыс білдіреміз», – деп жүрекжарды лебізін білдірді.

Білім – қай кезеңде болмасын, қоғамның басты қажеттілігі. Дүниетанымы, білім көкжиегі кең адам ғана бәсекелестікке тойтарыс бере алады. Мемлекет басшысының жас ұрпақты білім алуға құштарлығын оятуға деген үндеуінің бір белгісі сонда болса керек. Білімнің салтанат құруы, білімді негізгі басымдыққа айналдыру біздің қоғам үшін өте қажет. Сауаттылығы жоғары жастары

бар мемлекет қана дамыған 30 елдің қатарында болары ақиқат. Сондықтан рухани жан дүниесі бай адам – қоғамдағы кез келген тың ақпаратты тез қабылдап, заман талабына сай жылдам меңгереді, өзгелерден көш ілгері болып, алға қарай қадам басады.

Педагог ардагерлермен өткізілетін кездесулер тағдыр, тарих ортақтығы сезімін, бір-біріне деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін дамытуға бағытталған бірыңғай ұлтты қалыптастыру үшін жаңа алаң болатынына сенімдіміз!

А. ЕГІНБАЙ,
Қарағанды облысында білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының редакциялық-басылмалық бөлімінің меңгерушісі

АННОТАЦИЯ

Материал рассказывает о встрече ветеранов педагогического труда Жезказганского региона в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру». На встречу были приглашены ветераны из Жезказгана, Сатпаева, Каражала, Улытауского и Жанаркинского районов.

